ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)
Ж 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған*

BR05233709 «Ұлы дала мәдениеті мен тарихы» ғылыми-техникалық бағдарламасы (№2 келісім-шарт 23 сәуір 2018 ж.) аясында шығарылды

**Пікір жазғандар:**
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Б.С. Жұмағұлов***
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Л.Т. Қожакеев***
тарих ғылымдарынын кандидаты ***Ф.М. Шамшиденова***

**Жұмағұлов Қ.Т.**
Ж 81 Алтын Орда мәдениеті: оқу құралы / Қ.Т. Жұмағұлов, Н.Т. Әбдімомынов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 104 б.
**ISBN 978-601-04-3706-7**

Ұсынылып отырған оку құралы аса ірі түркі мемлекеттері қатарында саналған Алтын Орда хандығынын мәдениет тарихы, хандықтағы мәдени процестердің қалыптасуы мен оның негізгі кезеңдерін көрсетуге және халықтар арасындағы мәдени байланыстарды зерделеуге арналған. Сонымен қатар, мәдениеттің даму бағыттары, онын ішінде халықаралық мәдениет пен кала мәдениетінің, халықтардың тұрмысы мен қолөнер мәдениеті бойынша мәліметтер камтылған.

Оқу құралы орта ғасырлар тарихы бойынша жасалып, тарихшыларға, сондай-ақ Мәдениеттану, Аймақтану мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларға арналған.

**ӘОЖ 94 (574)**
**КБЖ 63.3 (5 қаз)**

ISBN 978-601-04-3706-7

© Жұмағұлов Қ.Т., Әбдімомынов Н.Т., 2018
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

# КІРІСПЕ

Алтын Орда мәдениетін зерттеу қазіргі уақытта өзекті болып отыр. Еліміз егемендігін алғаннан бері Қазақстанның геосаяси жағдайы күрт өзгеруіне байланысты төл мәдениетімізді зерттеу саласында үлкен бетбұрыстар орын алғаны белгілі. Әсіресе бүгінгі күні Қазақстан Республикасы өз егемендігінің жиырма жылдығы қарсаңында қазақ халқының рухани өрлеуі мен тарихи санасының қалыптасу заманында көршілес алыс-жақын мемлекеттермен ғасырлар бойына болған тарихи-мәдени қарым-қатынастары мен байланыстарына деген қызығушылығы едәуір артып отыр. Осы жөнінде ел президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында былай дейді: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн».

Ұлттық мәдениет – бұл күрделі, көп құрамды құрылым, өзара байланысты және иерархиялық бағынышты құрылымдық элементтерден тұратын жүйе. Ал тарихи эволюция барысында барған сайын күрделене түседі. Сонымен қатар көптеген ғасырлар бойына әр халықтың мәдениеті ішкі қисынға сәйкес және сыртқы импульстер